

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Төрт түлік»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Төрт түлікке не жататынын ұғындыру, олардың пайдасы, адам өміріндегі маңызы туралы білуге үйрету.

Көрнекіліктер: Төрт түлік малдың суреттері, олардың төлдерінің суреті.

Қажетті құрал жабдықтар: Суреттер

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Әңгімелесу.

Сөздік жұмыс: Малдар — животные

Билингвальды компонент: сиыр – корова, ат – лошадь, қой – овца, ешкі – коза, түйе — верблюду

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Қуан шаттан, алақай! Қуанатын күн келді Қайырлы таң, Қайырлы күн, Күлімсіреп шықты күн.	Балалар шаттық шеңберге тұрып бірге өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдас тырушылық — ізденістік	-Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын деп едім, жауабын табасындарма? Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. Бұл не екен, балалар? -Дұрыс, балалар. Ендеше келесі жұмбақтың шешімін табындар: Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар?	-иә, табамыз -Қой -Түйе

	<p>-жарайсыңдар, балалар.</p> <p>Төрт аяғы бар,</p> <p>Басында екі таяғы бар,</p> <p>Иегінде екі сақалы бар.</p> <p>-Өте жақсы, жарайсыңдар, балалар. Ал осы жұмбақтың шешуіндегі қой, түйе, ешкі қайда мекен етеді?</p> <p>-Дұрыс айтасыңдар, балалар. Балалар түйені, қойды, ешкіні және сиыр мен жылқыны ата бабаларымыз «Төрт түлік мал» деп атап кеткен. Мына суретке қараңдаршы, ненің суреті?</p> <p>-Сиырдың төлі қалай аталады?</p> <p>-Жарайсыңдар балалар. Стырдың адамдарға пайдасы барма? Оған қалай күтім жасайды?</p> <p>-Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар. Сиырдан сүт аламыз, одан қаймақ, май, сүзбе, құрт жасайды екен. Балалар сиырды әукім-әукім деп шақырамыз. Кәне қайталайықшы.</p> <p>Сиырдың атасын – Зеңгі баба деп атайды.</p> <p>-Келесі суретке назар аударыңдар, бұл ненің суреті?</p> <p>-Иә, бұл жылқы. Ол қандай жануарға жатады? Оның төлі қалай аталады?</p> <p>-Дұрыс айтасыңдар, балалар. Жылқыдан сүт аламыз, одан қымыз жасалады, және жылқыны ертеде көлік ретінде пайдаланған. Жылқыға су, жем, шөп береді. Жылқының атасы – Қамбар ата деп аталады. Жылқыны өқрау – құрау деп шақырады екен. Кәне қайталайық.</p> <p>-Ал мына суретте не бейнеленген?</p> <p>-Қойдың төлі қалай аталады? Оның адамдарға пайдасы барма?</p>	<p>-Ешкі</p> <p>-олар үй жануарлары</p> <p>-Сиырдың суреті</p> <p>-Бұзау</p> <p>-Пайдасы бар, одан сүт, қаймақ, май, ірімшік, құрт аламыз. Сиырға су береді, жем, шөп береді.</p> <p>-Әукім – әукім</p> <p>-Жылқы</p>
--	--	---

	<p>-Өте жақсы, балалар. Қойдың атасы – Шопан ата дейміз. Жайылып жүрген қойды пұшайт – пұшайт деп шақырады екен. Кәне қайталайық.</p> <p>-Енді балалар, мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Ойынның аты «Дыбысын тап». Қазір мен сендерге төрт түлік малдың дыбысын қосамын, сіздер қай малдың дыбысы екенін табуларыңыз керек.</p> <p>-Өте жақсы, балалар. Ал енді, балалар сергіп алайық:</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Қошақаным, тұршы,</p> <p>Беті – қолыңды жушы,</p> <p>Айнаға қарашы,</p> <p>Шашыңды тарашы,</p> <p>Орныға отыршы.</p> <p>-Жақсы балалар, мен сендермен тағы ойын ойнағым келіп тұр. Ойынның аты «Төлін тап». Мына үстелдің үстіндегі суреттердің арасынан төрт түлік малдың төлін тауып, қасына апарып қою керек.</p> <p>-Жарайсыңдар, балалар. Балалар, осы төрт түлік малға қатысты ата – бабаларымыз тыйым сөздер айтқан. Кәне бәріміз осы тыйым сөздерді жаттап алайық: «Малды теппе», «Ақты төкпе», «Малды ұрма»</p> <p>—Балалар, төрт түлік малға қатысты тақпақ білесіздерме? Кәне кім айтады? Айбар айта ғой:</p> <p>—Жарайсың, Айбар. Тағы барма? Аяжан айта ғой:</p>	<p>-Ол үй жануарына жатады. Оның төлі құлын деп аталады</p> <p>-Құрау – құрау</p> <p>-Қой</p> <p>-Қойдың төлі – қошақан, қойдың жүнінен киіз жасайды, жіне қолғап, шұлық тоқиды</p> <p>-Пұшайт – пұшайт</p> <p>-Сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқы</p> <p>-Тәрбиешімен іс – кимылдарды қайталайды</p>
--	--	---

	<p>Керемет. Тағы айтасыздарма? Ал, Аңсар, айта ғой:</p> <p>-Жарайсыңдар, балалар, қандай керемет мен сендермен тағы ойын ойнағым келіп тұр. Ойнайсыңдарма?</p> <p>-Ойынның аты «Артық затты тап». Алдарыңызда төрт түлік малдан алынатын өнімдер мен артық заттың суреттері жатыр. Солардың ішінен артық суретті тауып, оның неге артық екенін түсіндірулеріңіз керек.</p> <p>-Жарайсыңдар, балалар. Балалар ауылдан ата әжеміз сіздерге базарлық беріп жіберіпті. Кәне қарайық мұнда не бар екен? Мүнің барлығын ата әжеміз сіздерге беріп жіберген екен, кейінірек ауыз тиеміз жарайма?</p>	<p>Ойын ойнайды</p> <p>-«Малды теппе», «Ақты төкпе», «Малды ұрма»</p> <p>-Құлыншақ, құлыншақ, Шапқылайсың даламен. Дос болсайшы, құлыншақ, Мен сияқты баламен. -Тентек болма, ақ бұзау, Еріншек болма, ақ бұзау. Кең далада сенімен, Жарысып мен жүгірем. -Қой баласы қоңырым, Қойдан жуас момыным. Шопан ата түлегі Қошақаным қайдасың.</p>
--	---	--

		<p>-Иә, ойнаймыз</p> <p>-Кәмпиттің суреті артық, себебі ол төрт түлік малдан алынбайды.</p> <p>-Арыстанның суреті артық, себебі ол үй жануарына да жатпайды, және адамдарға пайдасы жоқ.</p> <p>-Құрт, май, ет, ірімшік</p> <p>-Иә</p>
<p>Рефлексиялық — түзетушілік</p>	<p>-Балалар, бүгінгі ашық ұйымдастырылған оқу қызметі сендерге ұнады ма?</p> <p>-Балалар, біз қандай жануарлармен таныстық?</p> <p>-Балалар, үй жануарларынан «төрт түлік малға» қандай жануарлар жатады екен?</p> <p>-Олардың адамдарға қандай пайдасы бар екен?</p> <p>-Балалар, сендерге ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне өте жақсы қатысқандарына рахмет</p>	<p>-ұнады</p> <p>-Үй жануарларымен</p> <p>-Жылқы, сиыр, қой, ешкі, түйе</p> <p>-Сүт аламыз, етін жейміз, қойдың жүнінен шәлі тоқылады</p> <p>-балалар қуанады</p>